

## Мазут экспортына уақытша тыйым салуды енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 қыркүйектегі N 943 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 сәуірдегі Кеден кодексінің 8-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2006 жылғы 1 наурызға дейін Қазақстан Республикасының аумағынан мазут (СЭҚ ТН коды 2710 19 610 0 - 2710 19 690 0) әкетуге тыйым салынсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті осы қаулының 1-тармағын орындау жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі белгіленген тәртіппен Еуразия экономикалық қоғамдастығының Интеграциялық Комитетін осы қаулының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының мазут әкетуге тыйым салуды енгізетіні туралы хабардар етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі В.С.Школьникке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*